



Шалқар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі
Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:

Ата-аналар комитеті арқылы мектеп пен отбасы арасындағы өзара әрекетті жандандыру, оқушылардың тұлғалық және адамгершілік дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Ата-аналарды мектеп өміріне белсенді тарту;
2. Тәрбиенің бірлігін қамтамасыз ету және отбасы тәрбиесінің рөлін арттыру;
3. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жетілдіру;
4. Оқушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау бойынша бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;
5. Әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету жұмыстарын үйлестіру.

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Айы	Іс-шара атауы	Мақсаты	Формасы	Жауаптылар
1	Қыркүйек	Ата-аналар комитетінің құрамы мен жұмыс бағытын бекіту	Жаңа оқу жылындағы міндеттер мен бағыттарды анықтау	Жиналыс	Сынып жетекшісі, комитет төрайымы
2	Қазан	«Бала тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің бірлігі»	Отбасындағы және мектептегі тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз ету	Дөңгелек үстел	Психолог, сынып жетекшісі
3	Қараша	«Жасөспірім кезеңіндегі мінез-құлық ерекшеліктері»	Жасөспірімдердің психологиялық даму ерекшеліктерін	Семинар	Психолог

			ата-аналарға түсіндіру		
4	Желтоқсан	Мектептің жаңа жылдық іс-шараларын ұйымдастыруға ата-аналарды тарту	Мектеп өміріне ата-аналарды белсенді қатыстыру	Ұйымдастыру шарасы	Комитет мүшелері
5	Қаңтар	«Балаға мотивация берудің тиімді жолдары»	Оқушылардың оқу қызығушылығын арттыруға ата-аналардың ықпалын талқылау	Пікірталас	Сынып жетекшісі
6	Ақпан	«Отбасы – сүйіспеншілік пен түсіністік мекені»	Ата-аналар арасындағы қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру	Тренинг	Психолог
7	Наурыз	«Бала қауіпсіздігі және ата-ананың жауапкершілігі»	Баланың мектеп пен үйдегі қауіпсіздігі туралы түсінік қалыптастыру	Семинар	Сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог
8	Сәуір	Қайырымдылық жәрмеңкесі «Жүректен жүрекке»	Мектептегі әлеуметтік көмекке зәру отбасыларды қолдау	Акция	Комитет төрайымы
9	Мамыр	«Жыл қорытындысы және болашаққа жоспар»	Ата-аналар комитетінің жұмыс нәтижесін талқылау	Қорытынды жиналыс	Сынып жетекшісі, ата-аналар комитеті

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналар мен мектеп арасындағы өзара сенім артады;
- Оқушылардың тәрбиесіне ата-аналардың белсенді араласуы қамтамасыз

етіледі;

- Мектеп өміріндегі барлық іс-шараларда ата-аналардың үлесі күшейеді;
- Балалардың жеке және әлеуметтік дамуына отбасының ықпалы артады.